

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Сәуір айы 3 апта


Мектепке дейінгі ұйымы: МКҚК № 26 «Үміт» бөбекжай – балабақшасы

Топ: «Достық» қазақ кіші тобы.

Балалардың жасы: 2 жас

Қандай кезеңге жасалды 13.04.– 17.04.2026жыл

Тәрбиешілер: Битенова. Г.К.

Тексерілді: 

Дәйек сөз: «Шеберлік еңбекпен келеді»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.04.2026ж	Сейсенбі 14.04.2026ж	Сәрсенбі 15.04.2026ж	Бейсенбі 16.04.2026ж	Жұма 17.04.2026ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Күй қосу, күй күмбірі: «Қыл қобыз» №32				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме. Топтық іс-шаралар мен мерекелер жайлы әңгіме. Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу. Өскенде кім боласың? Тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Тұсау кесу Міндеті: Тұсау кесу дәстүрінің мәнін түсіндіру. Ойын барысы: Қуыршақтың аяқтарына жіп байлап, оны қайшымен кесуді көрсету. Бұл дәстүрдің баланың алғашқы қадамына арналғанын түсіндіріңіз. Бір тұтас тәрбие	Қазақтың ұлттық ойындары Міндеті: Ұлттық ойындар арқылы дене шынықтыру және дәстүрмен таныстыру. Ойын барысы: "Асық", "Аударыспақ" сияқты ойындарды ойнап көрсету немесе ойнату. Мысалы, асықты қалай ату керектігін үйретіңіз. Бір тұтас тәрбие	«Сәйкестендіріп жина» Міндеті: Түстерді тану және сәйкестендіру. Ұсақ моториканы дамыту. Қажетті құралдар: Әртүрлі түсті доптар. Әр доптың түсіне сәйкес қораптар. Ойын шарты: Балаға әртүрлі түсті доптар беріледі. "Қызыл допты қызыл қорапқа сал" деп бағыт	«Бөліктерді құрастыр» Міндеті: Қиынды бөліктерді біртұтас суретке айналдыру. Заттардың пішінін ажырата білу. Қажетті құралдар: Бағдаршамның қиынды суреттері. Ойын шарты: Баланың алдында бағдаршамның жеке бөліктері (қызыл,	«Дыбысынан таны» Міндеті: Дыбыстарды есте сақтау. Тілдік қарым-қатынас мәдениетін дамыту. Қажетті құралдар: Әртүрлі жануарлардың, көліктердің дыбыстары жазылған аудиожазба. Немесе дыбыс шығаратын ойыншықтар (машинка,

			беріңіз.Танымдық дағды	сары, жасыл дөңгелектер, тік төртбұрышты негіз) болады. "Қандай түстер жетіспейді?" деп сұраңыз. Бала бағдаршамды құрастыруы керек. Құрастыру	қоңырау, барабан). Ойын шарты: Балаға дыбыс тыңдатыңыз (мысалы, мысық "мяу-мяу"). "Бұл не?" деп сұраңыз. Коммуникативтік дағды
Ертеңгілік жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Картотека №16 «Шеңбер жасау»				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқышты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	«Суретші қай жерде қателесті» Берілген суреттен қатені тауып, өз ойын айта алады.	«Өз үйіне орналастыр» жануар, құстарды өз мекеніне орналстыруды біледі.	«Не артық?» : Балалар суретке қарап, заттарды топтастыруды біледі.	«Сиқырлы қапшық» Қапшықтан алған ойыншықтың атын, қасиетін айта алады.	Балалар доп туралы түсіне бере отырып, дайын дөңгелек пішінді дұрыс бояуды үйрету
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Дене шынықтыру. ЖДЖ Міндеті: Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	Дене шынықтыру. ЖДЖ Міндеті: Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.	Дид ойын: «Отбасы» Картотека №8 Дид ойын: «Үлкен-кіші» Картотека №9 Дид ойын: «Не жоқ?» Картотека №10	Дене шынықтыру. ЖДЖ Міндеті: Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.	Музыка. Жетекші жоспарымен
2-ші таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді				

	суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.				
уенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
руен	Картотека №2	Картотека №3	Картотека №4	Картотека №5	Картотека №6
руеннен оралу	Топка оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
үскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамактанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Екі дос қуыршақты көрсету. Олармен бірге балаларды бір бірімен дос боламыз деп екеу ара құшақтастыру. Достар қандай болу керек деп достық ережелерін суреттер арқылы таныстыру. Бірге ережелерді суреттер арқылы атату. (сөйлеуді дамыту)	Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, Қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка) Ұлттық ойын: «Текемет»	Қонаққа келген атаның қоржынындағы заттармен танысу арқылы қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. (сөйлеуді дамыту және	Ғажайып қоржыннан әр түрлі заттарды бір бірден алып онымен не істеу керектігін ойлап табуын ұйымдастыру. Жапсыратын заттарды фланелеграфқа жабысытырғызу. Қарандаштармен сурет салғызу. Ермексазды домалақтап, ойын ойнату. (сурет салу, мүсіндеу жапсыру)	Қоржыннан алған затты сипаттату. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты тандауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әр текті заттарды салыстыруды үйрету. (сенсорика) Құрылыс

	Көктем тақпағын қайталап айту. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет) Ұлттық ойын: «Оюдың орнын тап»		көркем әдебиет) Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындату. Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін қолдану дағдыларын дамыту. (сенсорика)	Ұлттық ойын: «Асық ату»	ойыншықтарымен еркін ойындар ойнату (құрастыру) Ұлттық ойын: «Түрлі түсті асықтар»
Балалармен жеке жұмыс	Дінмұхаммед пен Аңсарға отбасы жайлы суреттер көрсетіп олар кімдер не істеді жайлы сұрақтарға жауап беру дағдысын дамыту.	Тамирлан мен Ерасылға кейіпкерлердің дауысын салуды жетілдіру.	Нармина мен Саидаға үстел үсті құрастырмалы материалдардан бөпе құршаққа кереует жасап орналастыруды үйрету.	Дария мен Айсезімге қуыршақ қолындағы табакқа күлше түрлерін жапсырып, орналастыру дағдыларын қалыптастыру.	Темірхан мен Бейбарысқа саусақ қимылдарын дамыту.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Әртүрлі көлемдегі заттарды жинап достық алаңын жасауды үйрету (құрастыру)	Қ/о «Кім жылдам» Ауызша нұсқаумен пирамида сақиналарын ретімен қазығына кигізуді	Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Еркін ойындар	Қ/о «Жалауға қарай жүгір» Ірі құрылыс заттарымен	Қ/О «Өз үйінді тап» Балалардың қалауы бойынша кітаптар тандатып, ертегі оқып

	Еркін ойындар Жеке әңгімелесулерді жүргізу	пысықтау (сенсорика)	Бірақты би музыкасын тыңдап қол қимылын жасап билеуін ұйымдастыру (музыка)	еркін ойындар ойнату (құрастыру)	беру. (көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Достар ойнайтын ойыншықтарды ермексازдан жасату. (мүсіндеу) Фланелеграфта геометриялық фигуралардан машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру дағдыларын пысықтау. (жапсыру)	Ойыншықтардың екіге бөлінген бөлшек карточкаларын үйлестіріп жапсырту (Жапсыру)	Сазбалшықтан үлкен кіші нан шелпектерін жасату. (Мүсіндеу) Ірі құрылыс заттарымен еркін ойындарды ойнауға жағдай жасау (құрастыру)	Балалардың қалауы бойынша кітаптар таңдатып, ертегі оқып беру. (көркем әдебиет) Жануарлар ойыншығын топтастырып ойнату. заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын пысықтау. (сенсорика)	Аңдар мен құстардың достарын тауып екі екіден айтқызып, жапсырту. Ләпбук арқылы ойындар ойнату (жапсыру)
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі жолда жүрі ережелері.	Демалыстарды жақсы өткізу ниетін білдіру